



*“Өзін-өзі тану”
пәнінің маңыздылығы*

*«Өзін-өзі тану» курсының
интерактивті әдіс-тәсілдері*

Шаттық шеңбері



Жүректен-жүрекке

Әңгімелесу

Балалар «әңгімелесу» әдісі арқылы тақырыптың мазмұнын меңгереді. Әр бала тақырыпқа байланысты қойылған сұраққа жауап беріп, өз ойын айтуға, шығарманы тыңдауға үйренеді.

Әңгімелеу

Көркем әдебиет шығармалары, өмірдегі жағдаяттар, арқылы бала адам бойында болуға тиіс құнды қасиеттермен танысып, негізгі ойды түсінуге үйренеді.



«Дәйек сөз»

Дәйек сөз ретінде тақырыпқа сай халық мақал-мәтелдері, нақыл сөздер, қанатты сөздер алынады. Дәйек сөз арқылы балаларды адамгершілік құндылықтарға баулу көзделеді.

Адамның жүрегі
сүйіспеншіліктің алтын
ұясы.

Жақсы қыз-жазадағы
құндыз,
жақсы ұл-аспандағы
жұлдыз.

Жұлдызың
жоғары болсын.

Е.Өтетілеуов
«Кішіні қолдап, жол бер,
үлкенді сыйлап, қол бер».

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

Қуаныш көңіл сергітеді.

«Ойын»

Ойын арқылы бала адамгершілік құндылықтар жөнінде тәжірибе жинақтап, өз қатарластарымен жағымды қарым-қатынас жасайды.



«Өзіммен-өзім»

«Өзіммен-өзім» құрылымы арқылы баланың эмоциялық жағдайлары мен көңіл күйін бейнелеп жеткізуіне, ішкі ойымен бөлісуіне жағдай туғызылады.

Тәрбиеші баланың көңілін көтеру үшін мәтінді бірқалыпты үнмен, жағымды эмоциялық көңіл күй туыдайтын түрде айтуы керек.

Мәтінді баяндап тұрғанда сазды музыка әуені баяу ойнап тұрғаны жөн.



«Дәптермен жұмыс»

Дәптердегі тапсырмаларды орындауағы мақсат -жағдаяттарға сәйкес ойлау қабілеттерін қалыптастыру, өз іс-әрекетінің нәтижесін білуге баулу.

Тәрбиеші ата-анаға арнайы кеңес беруі керек. Ата-ананы сол күнгі өтілген сабақ мазмұнымен таныстыру, дәптердегі тапсырманың орындалу ретін түсіндіру.

«Шығармашылық тапсырма»

Шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы мақсат-қызығушылықты тудыру, серіктерімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету, өзіс-әрекетінің нәтижесін білуге баулу.



«Сергіту сәті»

*Сергіту сәті балалар шаршаған кезде
белсенділікті арттыру үшін қолданылады.*

*Қимыл-қозғалыс жаттығулары баланы
сеже білуге үйретеді.*



«Ғажайып сөздер»

Бұл әдіс арқылы сабақ бойы үйренген жақсы, жылы, ізгі сөздер мен үйренген адамгершілік құндылықтарын пысықтап бекіту мақсатында пайдаланылады.



«Қорытындылау»

Сабақтың соңында жасалған қорытындыда тақырыпқа байланысты негізгі ой жинақталады.

***Назар
салғандарыңызға
рахмет!***